

**2024-2025 жылдың Меңгеруші
жанындағы кеңес Хаттамалары.**

Менгеруші жанындағы кеңес

№1-Хаттама

26.08.2024 ж

Қатысқандар саны: 11

Күн тәртібінде :

1. Жаңа оқу жылының міндеттемелерімен танысу, бекіту;
2. Жазғы сауықтыру шараларының орындалу қорытындысы;
3. Қызметкерлердің ішкі тәртібі;
4. НОБД және балабақша ситсен мен балаларды балабақшаға қабылдау туралы.

Тыңдалды. Балабақша менгерушісі Х.Эшманова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2024-2025-ші жаңа оқу жылымен барлық қызметкерлерді құттықтады. Жұмыстарына сәттілік тілей отырып, табандылықпен, ерекше жігерлене еңбек етуге шақырды. «Бақылау және Басшылық». Шолу тексеру қорытындысы туралы балабақша менгерушісі 2024-жылдың 21-25 тамыз күнідер аралығында шолубақылау жүргіздім. Тақырыбы: «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қандай деңгейде?» Бақылаудың мақсаты: Әрбір тәрбиеші топтарды стандартқа сай құрып, әсерлі етіп безендірулері қажет. Оқу материалдары мен көрнекіліктері балалардың жас ерекшеліктеріне сай келуі, және заттық – дамыту орталығының 5 дағды бойынша жабдыкталуы тиіс. Бақылау нәтижесіне тоқталар болсам: 1) Заттық-дамыту орталықтары толық жабдыкталмаған. Атап айтқанда, қарапайым математикалық білім бөлімінің құралдары, сенсорикалық оқу – материалдары, сондай ақ үлестірілмеген карточкалар өте аз. Санамақтар, желімдер, толық емес. 2) «Табиғат бұрышы» мен «Ұлттық бұрыш» толықтырылмаған. 3) «Денсаулық» дағдыларында құрсаулар мен кегли, секіртпелер, құмсалынған қапшықтар әр балаға жетпейді. 4) «Қатынас» дағдылары бойынша да кемшіліктер бар. Үстел үсті театры, магниттік театр, қуыршақ театры көлеңке театр жоқ. ертегілер туралы кітапшалар мүлдем аз. Қалдық заттардан жасалған заттар бар, бірақ олардың түрлері аз. Ұсыныс: 1) Тәрбиешілерге жоғарыда аталған заттардың бәрін жасап, жабдықтау жұмыстарына кіріссін. Мерзімі: 17.09.2024 ж. 2) Безендіру жұмыстарына ата-аналар да қатыстырылсын. Мерзімі: 18.09.2024 ж. 3) Еңбек құралдары толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2024 ж. 4) Патриоттық-әскери бұрыш және сауықтыруға арналған материалдар толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2024 ж. 5)

Түрлі мамандықтарға арналған құрал-жабдықтар толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2024ж Сөйлегендер: тәрбиші: - Г.Қарабекова ескертуіңіз орынды, келесі дүйсенбі күні пәндік-дамыту орталықтарын толықтырып, жоспарды түзіп, дайындалып келеміз-, деді. Шешім: Менгеруші Х.Эшманова алды кеңестің күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша топтарда бес сала бойынша жабдықтау айтылған мерзімге дейін аяқталсын. Тыңдалды. Балабақша медбикесі Жасұзақ Н екінші мәселе бойынша сөз жазғысауықтыру шараларының орындалу қорытындысы сөйледі:- Баланың денсаулыққа және бакытты өмір сүруге деген құқығын іске асырудың бірден бір жолы, жаз кезеңінде мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру болып табылады. Жазғы уақыттағы балалар мен жұмысты сауықтыру деп айтады. Осы арқылы оның максаты мен бағыты айқындалады. Денсаулықты нығайтуға қолайлы жазғы күндерді дер кезінде пайдалану және әрбір баланың денсаулығын түзеуге және шынықтыруға ұмтылу маңыздылығы жайлы айтып өтті. Шешім: Медбикенің Жасұзақ Н Жазғы сауықтыру қортынды парағы қосымша тігілсін. Тыңдалды: Балабақша шаруа менгерушісі Қызметкерлердің ішкі тәртібі сөзсөйледі. Әріптестер әр жылы жаңа оқу жылының алдында балабақша ішкілік нұсқаулығынан өтесіздер бұл жерде әр мекеменің ішкі еңбек тәрбі жазлған. Осы ішкі тәртіп ережесі Қазақстан Республикасы Заңы «Білім туралы», Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексіне сай дайындалған. Ішкі тәртіп ережесі білім беру ұйымының қызметіне ортақ қатынасты қамтамасыз ету мақсатында дайындалған, жұмыстың тәртібін және басқада ерекшеліктерді ескеріп. Ереже мектепке дейінгі ұйымның барлық ұжымның жұмысын реттеп, нақты қарастырылған, жұмыс уақытын тиімді қолдануды қабілеттендіреді, еңбек тәртібін нығайтады, қызметкерлерге қолайлы үшін. Мектепке дейінгі ұйым аумағында жұмыс уақытында табылатын барлық оқыту – тәрбиелеу үдерісіне барлық қызметкерлерге таныстырып қол қойдырты. Шешім: Шаруа менгерушісі А.Әбдіқадіров Ішкі еңбек тәртібін қол қойылған құжаттың көшірмесін екінші тарапқа берілсін. Балабақша менгерушісі Сөз алды Құрметті әріптестер, өздеріңіз білесіздер, балабақшаға балардың көптеп келуі тікелей ата-аналарға байланысты. Сол себепті олармен қарым-қатынасты нығайта түсуіміз керек. Осы жылдың қыркүйектің 16-күні жалпы ата-аналар жиналысын, 21 күндері топтық жиналыстарды өткіземіз. – Жиналыста қандай мәселелер айтылу керек? Бақшаға балалар 90-100 пайыз келу керек. Ауырып жүрген баланы үйде емдеу, ата-аналарды ашық іс-әрекет шараларына қатыстыру (әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып,), пед. Кеңестерге қатыстыру қажет. Әрбір ата-ана баласының білімді, білікті болып

өсуіне мәнберуге тиіс. Сондай-ақ, әрбір ата-ана отбасы болып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын ескеруі тиіс. Тағы бір мәселе, балаларымызға қазақтың ұлттық дәстүрлері мен өзге де ұлттардың салт-дәстүрлерін, музыкалық аспаптары мен шығармаларын насихаттауымыз маңызды. Жиналыста сонымен қатар, ата-ана төлемақысы туралы да айтып өтілді. Биылдан бастап төлемақы сомасы теңге болды, деді меңгеруші. Сөйлегендер: Жасұзақ Н. мед. бике дұрыс айтады. Мен де өз жоспарым бойынша екпе туралы, бойларымен салмақтары туралы ата-аналарға мәлімет беруім керек. Денсаулық паспорттары түгел емес, алдыруымыз керек. – құрметті тәрбиешілер, ата-аналармен үнемі байланыста болып, тапсырма беріңіздер, – деді Тындалды. Меңгеруші Х. Эшманова сөз алды. Ол өз сөзінде: – Құрметті тәрбиешілер, көмекшілер, Күзайы берекелі, мерекелі мезгіл. Балаларға күз туралы, жеміс-жидектердің дәруменге бай, ағзаға пайдалы екенін дәріптеу мақсатында қазан айының бірінші онкүндігінде ертеңгілік өткізуді ұсынамын. Ертерек сценарилеріңізді түзіп, бекітуге маған ұсыныңыздар, – деді Тәрбиешілер бірауыздан келісті. Тындалды. Балабақша Х. Эшманова әдіскері апай сөз сөйледі: – Қазір балабақшаға балаларын орналастыру науқаны жүріп жатыр. Кейбір балалар басқа балабақшаға ауысып жатыр. Орнына келіп жатыр. Сіздерден өтініш, ата-аналар мен жана келген балалардың құжаттарын сұратқан кезде ұялы телефондарымен қоса алдырып, жылдам жұмыс жүргізіңіздер. Өйткені әр айдың 15-не білім бөліміне балалар тізімін тапсырамыз. Егер бала саны кем болса, айлықтарыңызға нұқсан келетінін ескертеміз, деді әдіскер.

Шешім:

1. Топтарды жабдықтауға байланысты айтылған кемшіліктер бойынша жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: 1 апта.

2. Жалпы ата-аналар жиналысы 2024 ж. 16-қыркүйек күні өткізілсін. Топтық ата-ана жиналысы 20.09 на өткізілсін. Жауапты: Х. Эшманова әдіскер «НОБД», «Ситцен» бойынша балалар құжаттарын тез арада жинақтап, әдіскерге тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Х. Эшманова

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №2

22.11.2024 ж.

Қатысқандарсаны-11

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жылға арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жобалау бойынша жұмыс (дизайн жобасын жасау, безендіру атрибуттарын алу және жасау)

2.Материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша жұмыс (қажетті материалдар мен жабдықтарды алудың 2024-2025 жылдарға арналған жоспарын жасау)

4.Жинақтаушы ведомості, жазба кітапшасын талдау.

5.Жедел респираторлық инфекциялардың, тұмаудың және алдыналушараларының жоспарын әзірлеу.

6 Ағымдағы маңызды оқиғалар Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз Х.Эшманова сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтты. –Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы бақылау жәге басқару бойынша жедел тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындысының анықтамасы бар. Жалпы және топтық ата-аналар жиналыстарын өткізуге дайындық жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар ға арналған сауалнама,тренинг сценарилері түзілді. «Алтын күз» бақша ішілік ертеңгіліктің сценарийлері бекітілді. Түрлі мәселе бойынша балаларды балабақшаға қабылдау және топтарға орналастыру бойынша НОБД және порталы арқылы балалар толық тіркелді. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Х.Эшманова сөз сөйледі . Жаңа жылға арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жобалау бойынша жұмыс (дизайн жобасын жасау, безендіру атрибуттарын алу және жасау бойынша Стратигиялық жобаны оқып таныстырды.Бұл мекеменің жанынан әр баланың сапалы және қол жетімді мектепке дейінгі білім алу құқығын жүзеге асыратын интегративті білім жүйесін құру, ерекшеліктерін, жеке қабілеттерін және шығармашылық әлеуетін дамытуды ескере отырып, ересек адаммен баланың өзара қарым-қатынас моделіне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда білім беру қызметі нәтижелерінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.Заманауи мектепке дейінгі білім берудің және мекеменің даму бағдарламасының инновациялық сипатының мәні мектепке дейінгі білімберу

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №3

20.01.2025ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде

1. «Денсаулық – табиғат берген сый» медбике
2. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерін дамытуға қосымша қаражаттарту жұмыстары.
3. Мекемеде өндірістік бақылауды жүргізу.

4. СанПин талабы бойынша тамақтандыруды тексеру Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде санитарлық-эпидемиологиялық режимнің орындалуын бақылау. Тыңдалды бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Н.Жасұзақ «Денсаулық–табиғат берген сый» тақырыбында баяндама оқыды. Онда қазіргі таңда өршіп тұрған «Қызылша» жұқпасы туралы төмендегідей мағлұмат берді: Қызылша мен қызамық– біріне бірі өте ұқсас жұқпалар. Екеуініңдеқоздырғышы вирус. Ауру ауа арқылы жұғады. Екеуіне тән негізгі белгі –денеде бөртпелердің пайда болуы. Қызылша. Вирус адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылыенеді, ондакөбейіп, қанға енеді. Қан арқылы әртүрлі ағза мүшелеріне тарап, тамақбезін,бауырды, өкпені, жілік майын зақымдайды. Қызылша қалай өтеді?Тұмау ауруларына ұқсайтын белгілерденбасталады(дене қызуының көтерілуі. Жөтел, көздің жасаурауы, мұрынның ылғалдануы).Бұл жағдай 2-3 күнге созылады, содан соң денеде анық қызық бірігетін бөртпелер пайда болады, бастапқыда бетте, құлақтың артында, сонансоң барлық денеге тарайды. Ауру айналасындағылар үшін денесіне бөртпелер пайда болғанда дейін 4 күн, пайда болғаннан кейін 4 күн ішінде залалды болыпсаналады. Қызылшаның қауіпті неде?Қызылша асқынуларымен қауіпті, олар- ортаңғы құлақтың, өкпенің, кеңірдектің, бронхоның, ми қабықтарының қабынуы. Кезкелген асқанудан ауру өліп кетуі мүмкін. Қызылшаны қалай емдейді? Қызылшаны да кез келген вирусты жұқпасекілді емдеу қиынға соғады. Қызылшаның арна йы емдеу препараты жоқ.Антибиотиктерді тек оның асқаруларын емдеуге пайдаланады. Науқасқа витаминдерге бай тағамдар (көкөністер, жемістер, шырындар), көпмөлшердесұйықтық ішу қажет. Шешім: Балалардан қызылшаға қарсы вакцинаны алуды қадағалау медбикеге жүктелсін.Қазіргі таңда жан-жақты жетілген, білімді азамат дайындау – қоғамалдындағы үлкен міндет. Бала — болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білімберіп, ынта-ықыласын дұрыс

бағыттауды, қабілетін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс — тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік берді. Сондықтан оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізіп, оны тиімді пайдаланып, балаларға сапалы білім беру, жан-жақты дамыған бүлдіршіндерді тәрбиелеу — біздің басты мақсатымыз. Мектепке дейінгі педагогикада «Даму ортасы» термині «Балалар мен ересектердің өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, эстетикалық, психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешені» деп түсініледі. Оны қалыптастыру кезінде көптеген факторларды ескеру қажет. Балабақшада топтарының әрқайсысының жас ерекшеліктерін ескеру өте маңызды болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде кез-келген жас тобының пәндік-дамытушылық ортасын құра отырып, оқу процесіне қатысушылардың сындарлы өзара әрекеттесуінің психологиялық негіздерін, мектепке дейінгі мекеменің заманауи ортасының дизайнымен және ортаға бағытталған жас тобының психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Балабақшаның жан—жақты пәндік-дамытушылық және ойын ортасын ұйымдастыру процесінде білім беру салаларын біріктіру. Мектепке дейінгі мекемеде дамытушы орта кеңістіктерін ұйымдастырудағы тәрбиешінің мақсаты мектепке дейінгі мекемедегі жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушінің шығармашылық тұлғасын дамыту процесін жүзеге асыру үшін көп деңгейлі көп функционалды дамып келе жатқан пәндік—кеңістіктік ортаны құру үшін білім бөліміне сұраныс берілді.

Шешімі: - Жас ерекшеліктеріне қарай әрбір топта дамытушы ортаның жұмысы жүргізілсін. "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сай жүргізіледі. Негізгі мақсаты—азық-түліктің сапасын және қауіпсіздігін сақтау, объектідегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету, тамақтанулану, жіті ішек жұқпалары және жұқпалы емес ауру шаңдықтардың алдын-алу, объектідегі санитарлық заң бұзушылықтарға жол бермеу, заңнамада қарастырылған санитариялық-эпидемиологиялық іс-шараларды орындау және де тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану орындарында жүзеге асырылатын азық-түліктердің сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның тамағын сапасын жаңарту тамақ жасалуда санитарлық талаптарға қатаң ережелердің сақталуы және профилактикалық іс-шаралардың орындалуы, бақылауды ұйымдастырып, жүзеге асыру жауапкершілігі балабақша шаруа меңгерушісі мен Н.Жасузақ дәмбике жүктеледі.. Шешім сырттан алып келетін азық түлік

сапасы қадағалансын. Төртінші мәселе бойынша СанПин талабы бойынша тамақтандыруды тексеру бойынша тексеру жүргізілгендігі туралыайтты. Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдеріне, балабақша асханасына талапқа сай жұмыс жүргізуі, санитарлық талаптардың орындалуы, киім үлгісінің талаптарға сай болуы. тексеру қорытындысы бойынша: кезекші топтардағы балбақша асханасының санитарлық жағдайы, асхананың жалпы тазалығы, ыдыс-аяқтардың тазалығы, азық –түлік сақтайтын қоймалар, жеміс – көкөніс сақтайтын орындар, қайнату, ыдыс – аяқ жуатын бөлмелер, азық-түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай. Шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың балаларға таратуға болатыны мен сапасы туралы бракераждық журнал толтырылған. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің тамақ әзірлеуге азықтардың дұрыс салынуы мен дайын ас шығымыөз деңгейінде. Тәуліктік сынама алу мен сақталу қамтамасыз етілген. Аспазшылардың сырт киімдері санитарлық-гигиеналық талапқа сай. Асханада дұрыс тамақтануға байланысты стендтер ілінген. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Санитарлық талаптарға сай үстелдер белгіленген, ара-қашықтық ережесі сақталған. Комиссия асхана жұмысын жан – жақты тексеріп, төмендегідей шешімге келді.

Шешімі:

1. Тамақ өнімдерінің сапасы, тағамдардың дайындалу технологиясы талапқа сай.
 2. Асханадағы тазалық ережелерінің нормалары сақталған.
 3. Азық – түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай.
 4. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің шығымыөз деңгейінде.
- Ұсыныс: 1. Асхана жұмысы комиссия мүшелері тарапынан бақылансын

Жиналыс төрайымы :

Хатшы :



Х.Эшманова

Наурыз 2025 ж

Жиналғандар саны –11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде.
2. 8 наурыз, Наурыз мерекелерінің сценарилерін бекіту.
3. Топ бөлмелерін балабақша ауласын көгалдандыру.
4. Таңертеңгі жаттығу спорттық құралдар пайдалану және жоспарлау.
5. Балабақшада вирустық аурулардың алдын алу оның ішінде короновирустық инфекцияның алдын алу.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде меңгеруші Х.Эшманова сөйледі.

Қазіргі жағдайда балалардың дербес әрекетін белсендіруге көбірек көңіл бөлу ұсынылады. Біз балалардың білімге деген қызығушылығы мен қажеттілігіне мониторинг жүргізіп, тәрбиешілер, әдіскер өткен кезеңге балаларды диагностикалық тексерудің нәтижелерінде күннің екінші жартысында «Денсаулық» білім саласы бойынша Вариативтік компонент – мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс, эксперимент жұмысы, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс балалардың қызығушылығы бойынша жұмыс болып табылады. Сурет салудан вариативтік сабағы ортаңғы топқа қойылған. Мектепке дейінгі кезеңде баланың толыққанды өмір сүруі үшін, тек оған білімді меңгертіп қана қоймай, өздігінен ізденуге, шығармашылықпен ойлай білуге үйрету маңызды. Вариативтік компонент оқыту барысында дамыта оқыту қағидаларын жүзеге асырады.

белгілі өз мүмкіндіктері бар,-деп әрқайсына жеке тоқталып өтті.

Сөйледі : Балабақаша тәрбиешілері 8 наурыз мерекесінің өтілуіне тоқталды. «Қарлығаш» тобы аналар күніне арнап «Анашым-жан шуағым» атты ертеңгілікке дайындық жүріп жатыр. Ертеңгіліктің сценариімен таныстым. Ән, би жақсы мерекеге сай, таңдалынып алынған. Мереке онлайн

арнайы ата-аналар чатында өткізілмек. Балаларға үйге тапсырмалар берілді. Аналар күніне орай тақпақтар, әндер берілді. Сондай ақ, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамының да сценарийі дайындалып жатыр жоспарланып отыр. Тәрбиеші апайларға берілді. Қатысатын балдарды іріктеп, дайындық жасаймыз,-деп аяқтады.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша меңгеруші Х.Эшманова сөйледі.

Қазіргі жағдайда балалардың дербес әрекетін белсендіруге көбірек көңіл бөлу ұсынылады. Біз балалардың білімге деген қызығушылығы мен қажеттілігіне мониторинг жүргізіп, тәрбиешілер, психолог, әдіскер өткен кезеңге балаларды диагностикалық тексерудің нәтижелерінде күннің екінші жартысында денсаулық білім саласы бойынша вариативті компонентке белгілі өз мүмкіндіктері бар,-деп әрқайсына жеке тоқталып өтті.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Х.Эшманова үшінші мәселе бойынша айтып өтті. Балабақшаның көгалдандыру жұмыстарына өте қатты мән беруіміз және айналамыздың жарқырап көгалдану жолына жасалған еңбек бүлдіршіндерімізге шектеусіз болу керек екенін айта кетті.

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Х.Эшманова Танертеңгі жаттығу спорттық құралдар пайдалану және жоспарлау.

«Қарлығаш» ересек тобы «Шынықсын денеміз» эстафеталық жарыс 05 сәуірде өткізілсін. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлерді қатыстыра флешмоб өткізілетінін айтып өтті. Керекті құралдарды талапқа сай дайындауды, музыкамен және балаларды «с» витаминімен камтамасыз етуді балабақша медбикесіне жүктеуді ұсынды. Тәрбиешілер толық келісті.

Тыңдалды: балабақша медбикесі: Н.Жасұзақ Балабақшада вирустық аурулардың алдын алу оның ішінде короновирустық инфекцияның алдын алу.

Вирус құрамында вирусы бар тамшылар арқылы жөтелу немесе түшкіру кезінде, сондай-ақ көзге, мұрынға немесе ауызға түсуі арқылы таралады. Вирусты тамшылар бетке және заттарға түсіп, содан кейін көзге, мұрынға немесе ауызға түсіп, келесі жанасқан адамды жұқтыруы мүмкін. Вирус заттардың бетіне түсіп, бірнеше сағат бойы өмір сүруге қабілетті. Болат беттерде және пластикте ол 2-3 күнге дейін сақталуы мүмкін. Зерттеудің бірінде отбасы ішіндегі ауру жағдайы туралы хабарланады, онда екі отбасы мүшелерінде рентген суреттерінде қандай да бір симптомдар мен аномалиялар болмаған, бірақ жоғарғы тыныс алу жолдарының шырыш

сынамасы вирустың бар екенін көрсетті. Осылайша, инфекцияның симптомсыз жағдайлары болуы мүмкін. Бірақ белгілі жағдайда инфекцияның берілу кезінде оның симптомсыз жағдайлары сынға алынуда. Егер анасында жүктіліктің үшінші триместрінде пневмония анықталған болса, нәрестелерде жатыр ішіндегі инфекцияның немесе одан кейінгі қандай да бір асқынулардың даму мүмкіндігіне дәлел жоқ. Дегенмен, ағымдағы зерттеулердегі іріктеулер өте аз, ал Қытайдың Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық комиссиясы жүкті әйелдерге, оның ішінде сауыққаннан кейін мониторинг жүргізуге, сондай-ақ сәбиді туғаннан кейін кем дегенде 14 күнге науқас анадан оқшаулауға ұсыныс берді. Вирус құрғақ және суық жағдайларда, сондай-ақ абсолюттік ылғалдылығы жоғары тропикалық жағдайларда тиімді беріледі.

Шешім:

1. Мерекелік іс-шаралар тақырыбына, мақсатына сай жауапкершілікпен өткізілуі тиіс.
2. Топ бөлмелерін балабақша ауласын көгалдандырылсын.
3. Таңертеңгі жаттығу спорттық құралдар пайдалану және жоспарлансын.
4. Балабақшада вирустық аурулардың алдын алу оның ішінде короновирустық инфекцияның алдын алынсы.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Х.Эшманова

Мамыр 2025 ж

Жиналғандар саны –11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Мерекелерді талқылау.
3. Оқу бағдарламасының меңгеруі
4. Қош бол балақша!
4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

Т ы н д а л д ы : балабақша меңгерушісі Х.Эшманова өткен кеңестің қаулыларының орындалуына есеп берді. Аналар күніне арналған онлайн ертеңгілік ойдағыдай өтті. Балалар тәрбиеші үйреткендей үйде бәйшешектен гүл жасап аналарына сыйлады. Ата-аналар ризашылықтарын жеткізді. Сонымен қатар. Анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті. Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді. Балабақшада ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын, балалар көңіл күйі көтеріңкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге ертеңгілігі мен «Ұлы жеңіс» іс әрекеті сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтылды.

Сөйледі: Балабақша әдіскері Х.Эшманова

Жаңа жыл мерекесі, 8 наурыз –Аналар мерекесі, күніне өткізілген мерекелік ертеңгіліктерде би, ән үйретті. Балалардың білім деңгейін бағалауды да үйретті. Әдістемелік кеңестер берілді. Ата-аналармен де жақсы араласты. Балалармен тез тіл табысып, берілген тапсырмаларды уақытында орындап отырды.

2. Т ы н д а л д ы Оқу бағдарламасының меңгерушісі Х.Эшманова қанағаттанарлық.

Қош бол балақша! Атты қоштасуды Г.Қарабекова өз топ ата аналарымен келісімге келе отыра ынтымақтастықпен қоштасу салтанатын

керемет етіп өткізу оның мадақтама алғыс хат фото альбомдарын табыстап өткізуді айта кетті.

Сөйледі: балабақша меңгерушісі Х.Эшманова жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жаракаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын сақтау қатаң сақталсын.

Кеңес төрайымы :

Х.Эшманова

Хатшысы:



Шілде 2025 ж

Жиналғандар саны-11

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы..
- 2.Тамақтануды және ас әзірлейтін бөліктің жұмысын ұйымдастыру.
- 4.Жөндеу жұмыстары жөнінде.
- 5.Жаңа оқу жылына дайындық.

Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Х.Эшманова тоқталып өтті.Ол өз сөзінде балалардың білімдерін жетілдіруде тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеуде көңіл бөлініп,тазалық,ұқыптылық ,көмектесу жөнінде санамақтар,такпақ-өлеңдермен пысықтап өтуде «Сабынмен дос болайық», «Қуыршақты шомылдырайық», «Кезекшілік етейік» атты ойындар ұйымдастырып өткізілуде. Балалармен өз туыстарының аты жөнін түгел білу,туыстық қатынасын білуге ата-аналардың да көмегі қажет болды.Ата-аналармен байланыса отырып ,нәтижеге қол жетуде.Отбасы мүшелерінің аттарын толық атау,дұрыс айту,жасы үлкен-кішіге мән беру,құрметтеуге тәрбиелеудеміз деді.

2.Тамақтануды және ас әзірлейтін бөліктің жұмысын ұйымдастыру медбике : Жасыұзақ Н

Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жемісжидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәндідақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланын берік денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын: ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздары қамтамасыз етеді. Сондықтан осы азық-түліктерді баланың күнделікті тамақтану үрдісіне қосыңыз. Дұрыс тамақтану – өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор. Тамақтану ережесін ұйымдастыру Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі – ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Осы топқа енетін тағамдардың құрамы – мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық қажеттіліктері мен калорийлік құндылығын қамтамасыз етеді. Бұл жерде ең маңыздысы – топ ішінде жағымды эмоциялық көңіл-күй мен жақсы орта қалыптастыру. Балалар үстел үстінде ыңғайлы отырып, қажетті ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілуі керек. Балалар тамақтануын ұйымдастырушылар, баланың үйде пайдалы тамақтануымен үйлесімін табуы керек. Үйдегі тамақтанудың, балабақшаның тамақтану үлесін толықтырып отыруына қол жеткізуі керек. Осы мақсатта,

атааналар балаларының балабақшадағы күнделікті ас мәзірінен хабардар болып отырады. Балаңызды балабақшаға апарар кезде, тамақтану тәртібі мен тәбетін бұзбау үшін, үйде тамақтандырмауға кеңес береміз. Бірақ, балаңызды ертерек әкелетін болсаңыз, шай, шырын немесе жеміс беруге болады. Бейімделу кезеңіндегі тамақтану. Балалар тамағын ұйымдастыруда, ерекше назар аударатын жайт, баланың бейімделу кезеңіндегі тамақтану тәртібі. Үй тәрбиесіндегі баланың бақша тәрбиесіне өту кезеңі қашанда, анықталған психологиялық қиыншылықтармен бірге өтеді. Бала неғұрлым жас болса, соғұрлым балабақшадағы ортаға бейімделуі қиынға түседі. Осы тұста, көбінесе, баланың ұйқысы бұзылып, тәбеті төмендеп, жалпы ағзасының ауруларға қарсы тұратын қорғаныштық қабаты да әлсірейді. Бала үшін осы кезеңде, дұрыс тамақтандыруды ұйымдастырса, ол ортаға бейімделіп, ұжымға тез үйренеді. Өздігінен тамақтануға үйретілмеген балаларды тамақтандыру үшін, тәрбиешілерге, дұрыс тамақтандыру тәртібі жөнінде кеңестер беріледі. Ондай балаларды қолдан тамақтандырыңыз, егер осы кезде бала қарсылық танытса, күштеп тамақтандыруға болмайды. Осы әрекет баланың балабақшаға деген жағымсыз көзқарасын күшейте түседі (бақшада жарты күн болатындарын, үйлерінде тамақтандырсын). Баланың үйде тамақтануы. 1. Балабақшадағы қабылданған тамақтану тәртібі және тамақ қабылдауының ұзақтығы мен жиілігі жайлы ата-аналар біліп, сол ережені үйде ұстанулары керек. 2. Балаларға тамақ арасында бутерброд пен тәттілерді беруге болмайды. Осы тағамдар, баланың асқорыту жүйесінің қалыпты жұмысын бұзып, тәбетін қаштырады. 3. Отбасындағы дұрыс тамақтану тәртібі – баланың бақша

Тыңдалды: Жаңа оқу жылына дайындық жөнінде балабақша әдіскері Х.Эшманова сөз алды: Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда мақсатқа жетуде, нәтижесі мазмұнды болу үшін, бала ықыласын аударуда және келешекте белсенді де, бәсекеге қабілетті, білімді де ширақ, жігерлі ұрпақ жетілдіруде көп жұмыстар, көп техникалық құралдар мен бейнетаспалар, унтаспалар қажет. Тәрбиеші үнемі даму үстінде болу керек. Өз білімін үнемі ізденіп, жаңашыл болуға әректенуіміз қажет. Дамытушы орталар мазмұны, құралдары жаңартылып, толықтыруды, жаз бойы ізденуге шақырамын. Ғаламторға кіріп басқа елдердің әдіс-тәсілдерінен, іс тәжірибелерінен өзімізге ендірсек, аудан, облыс озық тәжірибелерін, баспасөз құралдарын пайдаланайық. Қызықты ойындар топтап, әрбір күні- іс әрекет мағыналы өтуін қарастырып, балаларға жаз бойы көтеріңкі көңіл күй, шаттық, қуаныш сыйлайық.

Тыңдалды: Жазғы маусымда өтетеін жөндеу жұмыстарына балабақша меңгерушісі Х.Эшманова тоқталып өтті. Балабақша ғимаратының қажетті жерлерін ақтап, сырланып күрделі жөндеу жасап біткенін алдағы уақытта таза ұстауға шақыратынын алға тартты. Құралдардың сынған жерлерін реттеп, жөндеулеріңізді тапсырамын. Жөндеу жұмыстары кезінде

қауіпсіздік ережесін бұзбай, балалардың және өздеріңіздің өмір қауіпсіздіктеріңізді сақтауға міндеттісіздер. Балабақшаның, ауланың тазалығын сақтау, мүліктерді күтіп ұстау, жөндеу жұмыстарына ынтымақты түрде қатысуға шақырамын деді.

Тыңдалды : №1 педагогикалық кеңеске дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі Х.Эшманова сөз алды, күн тәртібіндегі басты мәселелер жөнінде әңгіме өткізді. Жалпы балабақша ұжымы «Таным» дағдысы және «Денсаулық» дағдысы мақсат етіп алып жұмыс жүргізуді жалғастырамыз дамытушы орталар толықтыруларды тапсырылды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін
3. Жаңа оқу жылына дайындықтар жүргізілсін.
4. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесі сақталсын.
5. №1 пед кеңеске жауапты қызметкерлер, дайындықпен келу.

Төрайымы:
Хатшы:



Х.Эшманова